ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 25 мамыр №3313-23-00-2/521 Талдықорған қаласы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья М.Б.Киргабаков,
сот отырысының хатшысы М.С.Мухаметжанованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ: «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Панфилов ауданаралық көпсалалы Ауруханасы» КМК,

ЖАУАПКЕР: жеке кәсіпкер «АСЕМ» басшысы Асем Ердаулетовна Станбекова,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану,

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР: Прокурор С.Ж.Жабайханова,

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 22 ақпанда «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Панфилов ауданаралық көпсалалы Ауруханасы» КМК (бұдан әрі Мекеме, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «АСЕМ» басшысы Асем Ердаулетовна Станбекова (бұдан әрі Кәсіпорын, өнімберуші) тауарларды мемлекеттік сатыпалу туралы № 57 шартқа қол қойған.

Шарт бойынша және шартқа қоса тіркелген қосымшаларға сәйкес өнімберуші тапсырыс берушіге тауарларды, яғни медициналық жабдықтарды қатамасыз ету бойынша қызмет көрсетулерге міндеттелген.

Шарттың жалпы сомасы 3 370 000 теңгені құрайды. Өнімберуші жұмыстарды ай сайын 2023 жылдың 31 желтоқсанынаа дейін орындап беруге міндетті. Алайда, Өнімберуші Шарт бойынша өзіне алынған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, медициналық жабдықтарды қатамасыз ету бойынша қызмет көрсетілмеді, бұл мән-жай іс құжаттарымен дәлелденеді.

Мекеме жоғарыда аталған талап арызбен сотқа жүгініп, шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамағаны үшін Кәсіпорынды сатыпалуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкерден жазбаша түрде пікір түспеді.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі қатыспады алайда түсірген арызы бойынша сот отырысын озінің қатысуынсыз қарауды және талап арызды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі сот отырысының уақыты мен орны туралы тисінше хабарланған, бірақ ол келмеу себептері туралы мәліметтер бермей сот отырысына қатысқан жоқ.

Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 196 бабының 4 тармақшасында қөрсеткендей сот отрысының уақыты мен орны тиісінше хабарланған іске қатысушы адамдардың қайсібірі келмеген жағдайда, егер олардың келмеу себептері дәләлсіз деп танылса, сот істі қарауға құқылы, сондықтан сот азаматтық істі жауапкердің өкілінің қатысуынсыз қарауды шешті.

Прокурор талапқою толығымен қанағаттандыруға жатады деген тұжырым жасады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттармен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзгеде талаптарға сәйкес орындалуға тиіс. Сондай –ақ, АК-тің 277 - шібабының1-ші бөлігіне сай, егер міндеттеме де ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезеңішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс. Сот отырысында анықталғандай жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісінше орындамаған, тауар кешіктіріліп жеткізілген, бұл іс құжаттарымен дәлелденеді.

Сондай - ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезеңішінде кезкелген уақытта орындалуға тиіс.

Сонымен қатар, «Мемлекеттік сатыпалу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) 12 - ші бабының 4-ші бөлігінің 3-ші тармағына сай, жеңімпаздар деп айқындалған, мемлекеттік сатыпалу туралы шартты орындаудан жалтарған әлеуетті өнімберушілер мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушылардың тізіміне енгізіледі.

Тапсырыс беруші әлеуетті өнімберушінің немесе өнімберушінің Заңды бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап отыз күн тізбелік күнінен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнімберушіні немесе өнімберушіні мемлекеттік сатыпалуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Документ подписан: Киргабаков М. Б., 31.05.2023
Дата вступления в законную силу: 05.07.2023, судья Киргабаков М. Б., 18.07.2023
3313-23-3-1/540

Сот отрырысында анық болғандай жауапкер шартты тиісті түрде орындамағаны анықталды.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде сотқа талап арызбен жүгініп отыр.

Жоғарыда аталған негіздерге сай, сот талап қоюшының талабы қанағаттандыруға жатады деп есептейді.

Қазақстан Республикасының АПК 117-шыбабының 1-ші бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1725 тенге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,

ШЕШТІ:

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Панфилов ауданаралық көпсалалы Ауруханасы» КМК-нің жеке кәсіпкер «АСЕМ» басшысы Асем Ердаулетовна Станбекованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «АСЕМ» басшысы Асем Ердаулетовна Станбекова ЖСН 890923400662 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «АСЕМ» басшысы Асем Ердаулетовна Станбековадан ЖСН 890923400662 мемлекет пайдасына мемлекеттік баж шығыны 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар Қазақстан Республикасының АПК – нің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, Жетісу облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап осы Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья М.Б.Киргабаков

Документ подписан: Киргабаков М. Б., 31.05.2023

Дата вступления в законную силу: 05.07.2023, судья Киргабаков М. Б., 18.07.2023

3313-23-3-1/540